

**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖАНДАНДЫРУ НЕГІЗІНДЕ ПАВЛОДАР
АЙМАҒЫНДА РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМУ**

**РАЗВИТИЕ РЕКРЕАЦИОННЫХ ТЕРРИТОРИЙ
В ПАВЛОДАРСКОМ РЕГИОНЕ НА ОСНОВЕ АКТИВИЗАЦИИ
ИНВЕСТИЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

**DEVELOPMENT OF RECREATIONAL TERRITORIES IN PAVLODAR REGION
BASED ON THE ENHANCEMENT OF INVESTMENT ACTIVITIES**

Ж.Қ. АЛТАЙБАЕВА¹

Э.Ф.К.

Ш.Е. МУТАЛЛЯПОВА²

Э.Ф.К., доцент

Р.К. АЛИМХАНОВА³

экономика магистрі

^{1,3}*Инновациялық Еуразия Университеті*

²*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

Ж.Қ. АЛТАЙБАЕВА¹

К.Э.Н.

Ш.Е. МУТАЛЛЯПОВА²

К.Э.Н., доцент

Р.К. АЛИМХАНОВА³

магистр экономики

^{1,3}*Инновационный Евразийский Университет*

²*Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина*

ZH. ALTAIBAYEVA¹

C.E.Sc.

SH. MUTALLYAPOVA²

C.E.Sc., Associated Professor

R. ALIMKHANOVA³

Master of Economics

^{1,3}*Innovative Eurasian University*

²*Kazakh Agro-Technical University named after S. Seifullin*

Аңдатпа. Павлодар облысы мысалында рекреациялық аумақтарды инвестициялау мәселелері анықталды, қоғам, мемлекет, инвесторлар және рекреациялық қызметтерді тұтынушылар мүдделерінің өзара байланысы негізінде оларды шешу жолдары ұсынылды. Аумақтың бірегей табиғи әлеуетін міндетті түрде сақтау шартымен рекреацияны дамытуға инвестициялауды жандандыру бағыттары айқындалды. Аймақтарда табиғи, бірегей рекреациялық аймақтарды дамытуға инвестициялар салу олардың экономикасын дамытуға және рекреациялық қызметтің өсуі үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді деген идея негізделген. Зерттеу нәтижелері бойынша аймақта рекреациялық әлеуетті экстенсивті, тиімділігі аз пайдалануды сақтау табиғи рекреациялық аумақтарды инвестициялаудың тиімсіз тәсілімен түсіндірілетіні бекітілген. Негізгі мәселелер: экологиялық-әлеуметтік бағыттылығына байланысты олардың инвестициялау объектілерінің жоғары емес рентабельділігі, өтелімділіктің ұзақ мерзімі, табиғи экологиялық жүйелердің тұтастығын сақтауға жұмсалатын шығындардың қажеттілігі болады. Рекреациялық аумақтарды инвестициялауға мемлекеттің бағдарламалық тәсілі аймақтың бірегей табиғи сипаттамаларын сақтауға және оның әлеуетін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Аннотация. Выявлены проблемы инвестирования рекреационных территорий на примере Павлодарской области, предложены пути их решения на основе взаимосвязи интересов общества, государства, инвесторов и потребителей рекреационных услуг. Определены

инвесторлардың қаржыландыру қызығушылықтарын жойды.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Осыған байланысты жүйелі тәсіл қағидасы негізінде аймақтық рекреациялық әлеуетін ескере отырып, рекреациялық саланы тиімді инвестициялауды қамтамасыз ету жолдарын анықтауға бағытталған зерттеулер жүргізу өзекті. Қазіргі уақытта рекреациялық қызмет рекреациялық қызметтерге халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру мен табиғи жағдайлардың бірегейлігі, олардың сапасын сақтау және табиғи ресурстарды игеру бойынша іс-шараларды үйлестіру жолдарын тұрақты іздеу мәселесімен бетпе-бет келеді.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі өңірлік экономика бойынша іргелі ережелер, инвестициялық жобаларды басқару, отандық және шетелдік ғалымдар зерттеулерінде ұсынылған, Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері болып табылады.

Табиғи рекреацияларды пайдалану және олардың сақталуы мәселелеріне көптеген шетелдік және отандық ғалымдар зерттеулермен айналысқан, олардың ішінде Николаенко Д.В., Пыльнева Т.Г., Царегородцева А.Г., Алькеев М.А., Мамыров Н.К., Тонкопий М.С., Упушев Е.М., Панин М.С. авторлардың еңбектері.

Инвестициялардың экономикалық механизмі, менеджмент және инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері келесі авторлардың зерттеулерінде қарастырылды: Мырзалиев Б.С., Узун И.У., Гончаренко Л.П., Олейников Е.А., Березин В.В. және т.б.

Әдістеме негізінде зерттеу жүргізу үрдісінде келесі жалпы ғылыми әдістер мен экономикалық зерттеу амалдары қолданылды: талдау, топтастыру, салыстыру, нормативті, жалпылау және абстрактылы-логикалық.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Жүйелік тәсілдердің негізінде аймақтық рекреациялық әлеуетті ескере отырып, рекреациялық аймаққа тиімді инвестицияларды қамтамасыз ету жолдарын анықтауға бағытталған зерттеулер жүргізу өте маңызды. Мемлекеттік және жеке меншік инвестициялау бірегей табиғи ландшафтарымен үйлестірілген рекреациялық объектілерге қажет болып отыр.

Ауыл шаруашылығында шаруашылықтың түрлендіру механизмі еліміздің жер қорының пайдалану шарттары мен нысандарын ауыстырады. Техногендік жүктеменің жоғарылауы және табиғи ресурстар-

ды тиімсіз пайдалану салдарынан жер ресурстарының жай-күйі, табиғи ортадағы өсімдіктер мен жануарлар дүниесі бірте-бірте нашарлайды [5, 6, 7].

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар» (бұдан әрі - ЕҚТА) кейбір аумақтарын жекелендіру бір уақытта оның көзі бола отырып қоршаған ортаны қалпына келтіру әлеуетіне кепілдік береді. Қазақстанда жүзеге асып жатқан ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытудың және орналастырудың тұжырымдамасы бірқатар міндеттерді шешуді қамтиды:

- ЕҚТА желілерін ұйымдастыру;
- ЕҚТА сақтауды мемлекеттік реттеу;
- ЕҚТА түрін, әлеуметтік-экономикалық

факторлар мен жергілікті халықтың мүдделерін ескере отырып, рекреациядағы туризм мен демалысты дамыту үшін жағдайлар жасау;

- халыққа экологиялық білім беру.

Осы жағдайларда «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңдары негізінде рекреациялық саланы дамытумен қаржылық қамтамасыз етудегі жаңа тәсілдемелерді іздеу қажеттілігі туды.

Павлодар облысы бірегей және көп түрлі рекреациялық ресурстарға бай. Соның ішінде Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (бұдан әрі – БМҰТП) объектісі бар. «Ерекше» экологиялық-экономикалық аймақ түсінігі мемлекеттік ұлттық табиғи паркі – белгіленген заңнамалық мәртебесімен негізделеді. Саябақ міндеті рекреациялық, ғылыми және мәдени мақсаттарда оларды пайдалану, онда табиғи және мәдени ландшафтарды қолайлы үйлестіру, ерекше экологиялық, экономикалық және эстетикалық құндылығы бар табиғи кешенді сақтау болып табылады [қараңыз 3].

Рекреациялық қызметтерді (мекендеуден басқа) ұсыну бойынша Баянауыл табиғи аумағының инфрақұрылымы нашар дамыған. Туристердің демалысы және ойын-сауығы негізінен жазғы жағажай, барлар және кафеге барумен шектеледі.

Табиғаттың бірегейлігі және экологиялық әл-ауқаты рекреациялық аймақтарда тұтынушылардың демалысқа сұранысын қамтамасыз етеді.

Баянауыл ауданы аумағын дамытады инвестициялар көлемі 1 кестеде көрсетілген.

Инвестициялардың қаржыландыру көздерінің құрамында ең көп үлесі кәсіпорындардың меншікті қаражатына тиесілі. 2013-2015 жылдарға кәсіпорындар меншікті

ларды 34,4%-дан 33,4%-ға азайған. 2013 жылы қарыз капиталы 11,2% құрады, ал 2015 жылы жоқ.

Көрсеткіштер атауы	2013	2014	2015	2016
Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санынан инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі, %	-	-	-	-
Өндірілген және сатылған инновациялық өнім көлемі, млн. теңге	0	0	0	0
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	5588,0	8617,0	2929,3	3082,4
Негізгі капиталға инвестициялар ФКИ (физикалық көлем индексі) %	137,5	146,2	32,9	115,7
Ескерту – 2016-2020 жылдарына Баянауыл ауданы аумағын дамыту Бағдарламасының мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған				

Аумақтық рекреациялық кешендерді тұрақты дамыту инвестициялық тартымдылық деңгейін арттырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Ұлттық парк бюджетінде бұзылған табиғи кешендер мен объектілерді қалпына келтіру бойынша, ЕҚТА-ны мақсатты пайдалану жағдайында табиғи кешендерді сақтаудың ғылыми әдістерін әзірлеу және енгізу бойынша іс-шаралары көзделмеген [8].

Рекреациялық бизнеске заманауи талаптар едәуір жоғары. Рекреациялық қызметін қаржылық салымдарсыз дамытуды қамтамасыз ету екіталай. Осы салаға инвестициялау кірістілігін қамтамасыз ету көп уақытты, ерекше мемлекеттік реттеу және қолдауды талап етеді. Жеке инвесторлар тез қайтарымды тілейді және көбінесе олар өз жобаларында табиғи ландшафтты қолдауға және жақсартуға шығындарды көздемейді. Баянауыл рекреациялық аймақты инвестициялаудан жылдам қайтарымы болмайды, өйткені аймақтың экологиялық балансын қолдау қажет. Рекреациялық аумақтарды инвестициялаудың басты мәселелері тұрады:

– инвестициялау объектілердің экологиялық-әлеуметтік бағыты үшін инвестициялардың төмен тиімділігі;

– өзін-өзі ақтауда ұзақ мерзімі:

– бірегей табиғи экожүйелердің тұтастығын сақтауда шығындардың қажет болуы, қолданылатын табиғи кешендерді қалпына келтіру және сақтау бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу. Рекреациялық ресурстардың жоғалған қасиеттерін қалпына келтіру шығындары антропогендік әсер етуді алдын алудан біраз жоғары.

Сондықтан, негізгі инвестор әлі де мемлекет болып табылады. Павлодар облысының рекреациялық кешенін дамыту

Баянауыл рекреациясының негізгі кемшіліктеріне жатқызуға болады: орналастыру орындары санының ұлғаюына байланысты электрмен жабдықтау жетіспеушілігі; туристік бизнесте кәсібилік деңгейдің төмендігі; ұсынылатын туристік қызмет көрсетуге қызмет көрсету деңгейі мен сапасының сәйкессіздігі; БМҰТП аумағында орналасқан туристік және көліктік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы; қолайсыз ауа райы жағдайы; рекреациялық аймақтарды абаттандырудың жеткіліксіз деңгейі; демалыс орындарының санитарлық жағдай мәселелері.

2016-2020 жылдары аймақтағы туризмді дамыту туризмді дамытудың Тұжырымдамасы аясында, Мастер-жоспарын құру мен 2020 жылға дейін Павлодар облысының туристік кластерді дамыту аясында жүзеге асырылады. Туризмді дамытудың басымдылықтары болып табылады: инфрақұрылымды дамыту, маркетингтік шаралар тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігін арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру. Аталған басымдықтар кірістердің өсуі және халықты жұмыспен қамту, ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған.

Аграрная политика: механизм реализации

үшін капитал салымының едәуір сомалары қажет. Мемлекеттің инвестициялары негізінен автожолдарды салу және жөндеу, әлеуметтік сала нысандарын (білім беру, денсаулық сақтау) қолдауға бағытталған. Павлодар облысы аумағын дамыту Бағ-

дарламасындағы «Экология және жер ресурстары» бағыты бойынша қоршаған ортаның сапасын жақсарту үшін нысаналы индикаторлары жоспарланған, 2 кестеде көрсетілген.

2 кесте – Павлодар облысындағы халықтың тіршілік әрекеті үшін қоршаған ортаны жақсартудың нысаналы индекстері

Физикалық көлем индексі	Өлшеу бірлігі	2015 факт	2016 бағалау	2017 жоспар	2018 жоспар	2019 жоспар	2020 жоспар
Қалдықтарды жинау және тасымалдау қызметі бойынша облыс халқын қамту	%	69,0	69,0	69,0	75,0	80,0	80,0
Экологиялық талаптарға (оларды орналастыруда орындардың жалпы саны) сәйкес келетін қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыру объектілерінің үлесі	%	1,4	1,4	1,4	1,4	2,0	2,0
Нормативті ластайтын заттардың көлемі:							
атмосфералық ауаға шығарылуы	млн тонна	0,971	0,971	0,971	0,971	0,971	0,971
су объектілеріне шығарылуы	млн тонна	0,085	0,085	0,085	0,085	0,085	0,085
Жергілікті атқарушы органдардың қарамағында болатын мемлекеттік орман қоры аумағында орманмен қамтылған жерлер алаңы	мың. гектар	89,95	85,95	90,0	90,05	90,1	90,15
Ескерту – 2016-2020 жылдарына Павлодар облысы аумағын дамыту Бағдарламасы мәліметтері бойынша авторлармен құрастырылған							

Тұжырымдар.

1. Аймақты кешенді дамыту, біздің ойымызша, мемлекеттің қатысуымен және оның бақылауымен қаржыландыру бюджеттен тыс көздерін тартумен жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекет инвестициялық қызметті келесі нысандарын реттей алады:

- ◆ заң мен заңға сәйкес актілерді жасау;
- ◆ мемлекеттік инвестицияларды тура басқару;
- ◆ мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды қабылдау.
- ◆ экономикалық әдістері (салық салу, еркін экономикалық аймақтарды құру, қаржылық ресурстарды бөлу және қайта бөлу, несие мен үкіметтік кепілдіктер беру) [9, 10].

2. Рекреациялық кешенінде инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу барлық түрлері мен билік деңгейлерінде кешенді пайдалану негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Жалпымемлекеттік мүдделері аймақтықпен үйлесуі тиіс.

3. Инвестициялаудың тиімді жүйесі жалпы рекреациялық объектілер табысын

бір мезгілде арттыруға бағытталған және мемлекет пен инвесторларды және институционалдық салымшыларға құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету. Рекреациялық кешенінің әлеуетін дамыту ынталандыратын инвестициялық саясатты жүзеге асыру аймақтағы экономикалық қайта құрулардың оң әсері шарттарының бір болып табылады. Мемлекеттің бағдарламалық тәсілі аймақтың бірегей табиғи сипаттамаларын сақтауға және оның әлеуетін әлеуметтік-экономикалық әсерімен пайдалануға мүмкіндік береді.

4. Біздің пікірімізше, инвестициялық қызметті жандандыруда инвестициялық жобаларды таңдау белгілерін қайта қарау маңызды рөл атқарады. Егер дәлірек айтсақ капитал жұмсалымы нәтижелерін бағалау тәсілдері өзгеруі керек. Халықты жұмыспен қамтамасыз ету оның әлеуметтік құрамдас бөлігіне, бюджеттік салымдар тиімділігіне көп көңіл бөлінуі тиіс. Мұндай жобалар тек қана жекелеген объектілерді ғана емес, сонымен бірге бүкіл рекреациялық аумақтың дамуына ықпал етеді.



5. Рекреациялық инвестициялық саясат өңірлерде жобаларды қолдаудың икемді және әр түрлі нысандарын қамтуы тиіс. Инвестициялық ұсыныстар қалыптастыру кезеңінде инвесторлар жобаны ақпараттық және ұйымдастырушылық сүйемелдеу мүмкіндігін иеленуі тиіс. Жобаларды іске асыру барысында ірі бизнеске үкіметтік кепілдіктер мен кепілгерлік берілуі керек еді, ал шағын және орта бизнеске – арнаулы несиелендіру. Жобалық қуатқа шығу кезінде рекреациялық іс жергілікті бюджеттерге төлемдерден босатуға болар еді. Барлық инвестициялық шешімдер туристік, спорт, ауыл шаруашылығы және өндіруші салалар заңнамасына сәйкес шектеу және табиғат қорғау шараларын ескеруі тиіс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Николаенко Д.В. Рекреационная география: Учебное пособие для вузов. – М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2001. – 288 с.
- 2 Tourism, ecotourism and protected areas: the state of nature-based tourism around the world and guidelines for its development.- Cambridge, 1996. –301 p.
- 3 Царегородцева А.Г., Алькеев М.А. Ландшафты Павлодарской области. – Павлодар: Кереку, 2015. –185 с.
- 4 Женсхан Д., Жалмуханова А.Ж., Саутбаева Ш.Е. Развитие агротуризма в Республике Казахстан // Проблемы агрорын-ка. - 2017.- № 1. - С. 154-161.
- 5 Мамыров Н.К., Тонкопий М.С., Упушев Е.М. Экономика природопользования: учебник.- Алматы: Экономика, 2003. - 464с.
- 6 Панин М.С. Экология Казахстана: учебник/ Под ред. Байтулина И.О. - Семипалатинск: СГПИ, 2005.– 548 с.
- 7 Пыльнева Т.Г. Природопользование: учебное пособие /ВЭФЭИ. -М.: Финстатинформ, 1997. - 144 с.

8 План финансирования Баянаульского государственного национального природного парка на 2017г.- Баянаул: БГНПП, 2016. – 1 с.

9 Мырзалиев Б.С., Узун И.У. Экономические приоритеты реализации инвестиционной политики в Казахстане // Проблемы агрорынка.- 2017.- № 4.- С.15-19.

10 Гончаренко Л.П., Олейников Е.А., Березин В.В. Инвестиционный менеджмент: учебное пособие. – М.: КНОРУС, 2005.-294 с.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Nikolaenko D.V. Rekreacionnaja geografiya: Uchebnoe posobie dlja vuzov.– М.: Gumanitarnyj izdatel'skij centr VLADOS, 2001.– 288 s.
- 2 Tourism, ecotourism and protected areas: the state of nature-based tourism around the world and guidelines for its development.- Cambridge, 1996. –301 p.
- 3 Caregorodceva A.G., Al'keev M.A. Landshafty Pavlodarskoj oblasti. – Pavlodar: Kereku, 2015. –185 s.
- 4 Zhenshan D., Zhalmuhanova A.Zh., Sautbaeva Sh.E. Razvitie agroturizma v Respublike Kazahstan // Problemy agrorynka. - 2017.- № 1. - S. 154-161.
- 5 Mamyrov N.K., Tonkopij M.S., Upushev E.M. Jekonomika prirodopol'zovanija: uchebnik.- Almaty: Jekonomika, 2003. - 464s.
- 6 Panin M.S. Jekologija Kazahstana: uchebnik/ Pod red. Bajtulina I.O. – Semipalatinsk: SGPI, 2005.– 548 s.
- 7 Pyl'neva T.G. Prirodopol'zovanie: uchebnoe posobie / VJeFJeI. - М.: Finstatinform, 1997. - 144 s.
- 8 Plan finansirovanija Bajanaul'skogo gosudarstvennogo nacional'nogo prirodnogo parka na 2017g.- Bajanaul: BGNPP, 2016.-1s.
- 9 Myrzaliev B.S., Uzun I.U. Jekonomicheskie prioritety realizacii investicionnoj politiki v Kazahstane // Problemy agrorynka.- 2017.- № 4.- S.15-19.
- 10 Goncharenko L.P., Olejnikov E.A., Berezin V.V. Investicionnyj menedzhment: uchebnoe posobie.– М.: KNORUS, 2005.–294 с.

